

۹۸۱۲۷۸

الببلي

الببلي

ӘЛІПБИ

Älīpbī

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDА +7

Алматы
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындагы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастыруышылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛІПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер камтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық таныткан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

№ 637 Жарлығымен өзгеріс енгізіп, қазақ әліпбійнің акутті жаңа нұсқасын қабылдады. Бұл әліпбій бойынша республикада ақпараттық-насихат, сынама-сараптама жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде бекітілген акутты нұсқадағы әліпбиді тағы да жетілдіру туралы тапсырма берілді.

Нанай жазуы – нанай тілінің жазуы. Н.ж. 1931-1937 жылдары латын әліпбійн, 1937 жылдан қазірге дейін кирил әліпбій қолданады. Н.ж. орыс әліпбійнің барлық 33 әрпі мен косымша ІІ ү таңбасы бар. Алайда көптеген басылымдар ІІ ү әрпінің орнына Нғ нғ диграфын пайдаланды. 1983 жылы С.Н.Оненко нанай кирил әліпбій мен емле ережелерін реформалап, ІІү әрпін заңдастыруды және дауысты дыбыстардың созылышының білдіру үшін екі әріппен жазуды ұсынды.

Нджойя Султан Ибрагим (1860-1933) – бенуэ-конголез тобына жататын бамум тілінің төл әліпбійн құрастырушы, Африкадағы Бамум сұлтанатының билеушісі болған оқымысты. Н. бұл жазуды бірнеше рет өндеген. Соның негізінде бамум жазуы идеографиялық жазудан буындық жазу үлгісіне дейін жетілдірілді. Бұл жазу алғашқы төрт әріптің атауымен «а-ка-у-ку» деп те аталады.



«Не деген жаны берік көк шолак?» – «Өзі» деген псевдоним иесінің «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылдың 30 мамырында жарияланған мақаласы. Мақала осы басылымның 312-санында жарияланған латыншылдың мақаласына жауап ретінде жазылған. Автор латыншылдың араб әрпінің кемшіліктері ретінде көрсеткен тұстарына жауап береді. Латыншылардың «араб әрпі кәрі, бұл әріппен «Құран» жазылған» деген сөзіне латын әрпі араб әрпінің бабасы болатынын, онымен «Інжіл» жазылғанын қарсы қояды. Араб әрпінің ірілі-ұсақты әріптері тез танылдып, оқуға жеңіл болатынын алға тартады.

Неміс әліпбій – неміс тілінің жазуында қолданылатын латын негізді әліпбій. Әліпбі 26 латын әріптен тұрады: Aa, Bb, Cc, Dd, Ee, Ff, Gg, Hh, Ii, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, Oo, Pp, Qq, Rr, Ss, Tt, Uu, Vv, Ww, Xx, Yy, Zz. Бұлардан басқа 3 умлаут – Ää, Öö, Üü және ฿ лигатурасы бар. Көне неміс тілінде руникалық жазу қолданылды. XII ғасырдан бастап толықтай латын әліпбійне көшті. Готикалық қаріптер тобына кіретін швабахер (Schwabacher) шрифтісі XV-XVI ғасырларда кең тарапалды, ол XX ғасырдың басына дейін қолданылды. Кейінірек XIX ғасырдың аяғынан бастап антиква жазуы көбірек қолданыс тапты. Антиква готикалық жазудан гөрі қарапайым және оңай қабылданатын шрифт болып саналды. Бұл жазу 1920-30 жылдары зюттерлин шрифтісі (Sütterlinschrift) мен халық шрифтісімен алмастырылып, 1941 жылға дейін қолданылды. XX ғасырда шрифтілердің көбін типограф Рудольф Кох ойладап тапқан, ол Оффенбах шрифтісі және неміс шрифтісі деп те аталады.